



# Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

14 ақпан 2026 жыл Сенбі №6 (12 059)

<https://qarqaralygazeti.kz>

[www.facebook.com/qarqaralygazeti/](http://www.facebook.com/qarqaralygazeti/)

[qarqaraly\\_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

[karkaraly\\_too@mail.ru](mailto:karkaraly_too@mail.ru)

## Реформа

# Ата заң айбарымызға айналса игі



**Еліміз үлкен таңдау алдында тұрғаны жасырын емес. Ата заңымызға айтарлықтай өзгерістер еніп жатыр. Өткен аптада халықтың назарына ұсынылған өзгертулер мен толықтырулар қазір жан-жақты талқылану үстінде. Күні кеше ғана елордада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда комиссия мүшелері жаңа Ата заң жобасын талқылап, саяси маңызына тоқталды.**

Комиссия отырысынан бұрын жаңа Конституция жобасы ашық дереккөздерде елге ұсынылған, әлеуметтік желі бетінде әртүрлі пікір айтылды және ол заңды деп ойлаймыз. Халық, ел ертеңіне алаңдамай тұра ма? Ата заңның әр нүктесі мен үтіріне дейін мән беріп, ойдағысын қапысыз танытты. Онысы дұрыс та. Себебі басты заң Конституция былқылдақ болса, одан кейінгілер де солай ирелеңдеп шыға келмей ме деген қауіп бар есті азаматтарда. Демек, ел ақымақ емес. Ертеңіне алаңдайды. Отанымыздың біртұтастығын сақтауға негіз болатын Ата заңдағы шекара тұтастығы мен ана тіліміздің төрге озу мәселелеріне бейжай қарай алмайтыны көрінді. Бұл тұрғыда өткір-өткір пікірлер ойкастап шыға келді. Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның кешегі отырысында сондай пікірлердің бәріне жауап та берілгендей көрінді.

**ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ ТАРИХИ САНА МЕН ТІЛ**  
Жаңа Конституция жобасында алғаш рет мыңжылдық тарихымыз бірінші орынға шықты.

«Жаңа Конституция жобасының преамбуласындағы «Ұлы даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтай отырып» деген сөйлем тарихымыздың үздіксіз сабақтастығын, еліміз көшпелілер өркениетінің ошағы екенін айғақтайды. Осылайша, тарихымыз Конституцияда тұңғыш рет декларация емес, мемлекеттік құндылық ретінде бекітіліп отыр», деді мемлекеттік кеңесші Е.Қарин. Мемлекеттік кеңесші жаңа Конституцияда мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені тайға таңба басқандай нақты жазылғанына да тоқталды. «Атап айтқанда, 9-баптың 1-тармағында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп анық көрсетілген. Яғни бізде мемлекеттік тіл біреу, ол – қазақ тілі. Басқа мемлекеттік тіл жоқ. Тіліміз биік тұғырда, өз орында. Мемлекетіміз барда сол тұғырдан ешқашан төмен түспейді. Ол үшін осы мемлекетті сақтауымыз керек, қорғауымыз қажет. Елдің бірлігін ойлауымыз керек», деп атап өтті Е.Қарин. Қолданыстағы 1995 жылы қабылданған Ата заң мен жаңа Конституция жобасы арасында

айырмашылық өте көп екенін айтады. «Жаңа Конституция жобасы – жарты жылдан астам уақыт бойы ел азаматтарынан, сарапшылардан, қоғам белсенділерінен, түрлі ұйымнан келіп түскен ұсыныстар мен бастамалардың нәтижесі, осы күнге дейін жүргізілген түрлі ұзақ талқылаулардың жемісі», деді Е.Қарин. Тәуелсіз әлеуметтік зерттеуге қатысқан отандастарымыздың басым көпшілігі Конституциялық реформаны қолдап отыр. Бұл туралы Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов мәлімдеді. Ол ауқымды реформа 2025 жылдың қазан айында басталып, азаматтардан тікелей кері байланыс алумен қатар жүргенін еске салды. Конституциялық комиссияға азаматтар, заңгер-ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардан 2 мыңнан астам бастамашыл ұсыныс келіп түскен. eOtiish платформасы арқылы өтініштер өлі де келіп жатыр. Олардың саны 4 мыңнан асты.

## Ақорда



Қазақстан Республикасы Конституцияның 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.
- Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
- Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ**  
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 11 ақпан  
№ 1170

Аудандық қоғамдық-саяси газет

## Қарқаралы

БАСПАСӨЗ – 2026

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Индекс	Саяттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

АНЫҚТАМА  
ТЕЛЕФОНЫ:  
8-775-548-3523

## Тағзым

# Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетілді

**Адамзат тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі – Ауған соғысы. Жат жерде жүріп, жат елдің таулы даласында от пен оқтың ортасында интернационалдық борышын өтеген талай жас сарбаздың тағдыры сол жылдармен тығыз байланысты.**

Бірі елге аман оралса, бірі туған жер топырағын қайта баса алмады. Уақыт өткен сайын сол бір зұлмат жылдардың ел жадындағы ізі көмескі тартқандай көрінгенмен, ерлік ешқашан ұмытылмайды. Ауған соғысы ардагерлерінің күні – жауынгерлік парызын адал атқарған азаматтарға құрмет көрсетіп, боздақтар рухына тағзым ететін тағылымды күн. Осыған орай ауданымызда мазмұнды әрі мәні терең іс-шаралар ұйымдастырылып, ел қорғаны болған ерлерге айрықша ілтипат білдірілді.

Ауған соғысы ардагерлерінің күніне орай ауданымызда тағылымы мол, тағзымы терең бірқатар мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ел тыныштығы мен бейбіт өмір үшін от кешкен азаматтарға – бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы. Алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Қабиденұлы ардагерлермен арнайы кездесіп, оларды айтулы күнмен құттықтады. Кездесу барысында ел басына күн туған шақта интернационалдық борышын абыроймен өтеген азаматтарға ризашылық білдіріп, дендеріне саулық, отбасыларына амаңдық тіледі. Ол өз сөзінде:



«Сіздердің ерліктеріңіз – ел жадында. Бейбіт өмірдің бағасын терең сезінетін ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңіз айрықша құрметке лайық», – деп атап өтті. Мерекелік шара орталық саябақтағы Ауған соғысында қаза тапқан жерлес сарбаздарға арналған ескерткіш басында жалғасты. Жиналған жұртшылық гүл шоқтарын қойып, боздақтар рухына тағзым етті. Ерлікпен қаза тапқан Жамалиден Әлібаев, Асқар Быхин, Нағашыбай Жақтыбаев, Өміртай Құлтабаров есімдері құрметпен аталып, бір

минут үнсіздік жарияланды. Бұл – ел жадындағы өшпес есімдерге көрсетілген тағзымның белгісі. Шара одан әрі аудандық тарихи-өлкетану музейінде өткен дөңгелек үстелде жалғасын тапты. Келелі кездесуде аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев, марқұм Нағашыбай Жақтыбаевтың жұбайы Татьяна Түсіпқызы, ауған соғысының ардагерлері Серік Жұмабеков, Нұрлан Өубәкіров, Шаймұрат Жұмаділов сөз сөйлеп, сол бір сұрапыл жылдардың

естеліктерімен бөлісті. Басқосу барысында патриоттық тәрбие, отансүйгіштік рух, елге адал қызмет ету мәселелері кеңінен қозғалды. Ардагерлер жас буынға бейбіт күннің қадірін ұғындырып, ел бірлігі мен ынтымағының маңызын ерекше атап өтті. Кеш мазмұнын әсем ән әрлеп, Өнер мектебінің тәлімгері Айтолқын Шаймерденова жүрекке жылы тиетін әнін тарту етті. Ал тағылымды шараны Мәдениет үйінің өнерпазы Жанат Садықов жүргізіп, кештің мазмұнды әрі

өсерлі өтуіне үлес қосты. Ауған соғысы – тарих беттерінде қатпарлы із қалдырған кезең. Он жылға созылған соғыс талай жастың тағдырын өзгертті. Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 37 жыл толып отырған шақта, сол бір ауыр күндерді еске алу – ерлікке тағзым, елдікке құрмет. Ел үшін еңреп өткен ерлердің есімі – ұмытылмайды. Олардың ерлігі – ұрпаққа аманат. Бүгінгі бейбіт өмірдің әр таңы – сол азаматтардың жанқиярлығының жемісі екені даусыз. Ауған соғысы – тұтас бір буынның жастық шағын жаламаған, талай ананың көз жасына, талай әкенің қайғысына айналған тарихтың ащы беттері. Дегенмен, сол бір сын сағатта ел намысын қолдан бермей, жауынгерлік антқа адал болған азаматтардың ерлігі уақыт өткен сайын биіктей түспек. Бүгінгі бейбіт өмірдің әрбір тыныш таңы – сол ерлердің жанқиярлығы мен табандылығының жемісі. Ардагерлерге құрмет көрсету – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар. Жас ұрпақ олардың өнегелі өмір жолынан елге адал қызмет етудің, Отанды сүюдің шынайы үлгісін көруі тиіс. Ерлік – ұрпаққа мұра, аманат. Сол аманатқа адал болу – бүгінгі бейбіт елдің басты міндеті. Ауған даласында от кешкен ерлердің есімі ел жадында мәңгі сақталып, олардың рухы әрдайым құрмет төрінде қала бермек. **Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ**  
«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен

## Қоянды ауылдық округі әкіміне кандидат Дәулетбаев Азамат Сембірұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Дәулетбаев Азамат Сембірұлы, 1970 жылғы 27 сәуірде Алматы қаласында дүниеге келдім. Білімім – жоғары. 2024 жылы Esil University жоғары оқу орнын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдадым.

1988–1990 жылдары Кеңес әскері қатарында Отан алдындағы борышымды өтедім.

Еңбек жолымды 1993 жылы Ма-тақ ауылында агроном болып бастадым. 1997 жылы Ынталы ауылында слесарь болып жұмыс істедім. 2001 жылы «Шахтер» демалыс үйіне көгалдандырушы болып қабылданып, кейіннен шебер (мастер) қызметіне ауыстым. 2013 жылы аталған мекемеде еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі инженері лауазымына тағайындалдым.

2024 жылғы 23 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын.

Сайлауалды бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған басым бағыттарды жүзеге асыруға күш саламын.

Шаруа қожалықтарының жұмысын уақыт талабына сай ұйымдастыруды үйлестіре отырып, мал басын асылдандыруға, мал бордақылау алаңдарын ашуға, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуға мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыруға ықпал етемін.

Жергілікті қауымдастықпен бірлесе әрекет етіп, бюджеттен бөлінген қаражаттың қажетті әлеуметтік салаларға тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз етуге атсалысамын.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргіземін. Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі кеңес, Жастар ісі жөніндегі ұйымдар сияқты қоғамдық құрылымдардың жұмысын жандандырып, қоғамдық бақылау тетіктерін енгізу арқылы ауыл тұрғындарының басқару ісіне қатысу белсенділігін арттыруға ықпал етемін. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің сапалы әрі әділ жүзеге асуын қадағалаймын.

Ауылдың су жүйесін қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстарын жандандыруға күш саламын.

Балалар ойын алаңдарын жөндеуден өткізіп, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етемін.

Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу және қалпына келтіру бағытында жүйелі жұмыс жүргіземін.

Жұқпалы мал ауруларының алдын алу мақсатында қолданыстағы мал қорымдарын талапқа сай қалыпқа келтіруге, қажет болған жағдайда жаңадан салуға ықпал етемін.

Төмен пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және округ экономикасына инвестициялық жобаларды тартуға жағдай жасаймын.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуына, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге атсалысамын.

Ауылды абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жұмыстарын жүйелі жүргізуге, көшелерді жарықтандыруға, тозығы жеткен электр желілерін жаңартуға және коммуналдық инфрақұрылымды жақсартуға күш саламын.

Ауыл тұрғындарын сапалы мобильді байланыспен және кең жолақты 4G интернет желісімен қамтамасыз ету бағытында тиісті жұмыстар жүргіземін.

Қаражат жергілікті бюджет есебінен төленді

## Қоянды ауылдық округі әкіміне кандидат Караманова Сандугаш Әбдікәрімқызының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Караманова Сандугаш Әбдікәрімқызы, 1974 жылғы 4 тамызда Қарқаралы қаласында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ.

1989 жылы Қарқаралы қаласындағы №1 орта мектептің 8-сыныбын бітіріп, 1989–1992 жылдар аралығында Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында білім алдым. Оқу орнын «Бухгалтер-экономист» біліктілігі бойынша тәмамдадым.

2005 жылы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетіне оқуға түсіп, 2006 жылы Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетіне ауыстым. 2009 жылы «Экономика» мамандығы бойынша экономика бакалавры академиялық дәрежесін алдым.

2013–2015 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып, құқық бакалавры академиялық дәрежесіне ие болдым.

2019 жылы «Қарағанды облысы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде арнайы тексерістен өткеннен кейін бас маман-заңгер лауазымына тағайындалдым. 2020 жылы аталған мекемеде әлеуметтік сала бойынша бөлімнің бас маманы қызметіне ауыстырылдым.

2022 жылдан бастап «Қарағанды облысы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала бойынша бөлімнің бас маманы қызметін атқарып келемін.

Білімім – жоғары.

Сайлауалды бағдарлама

Әділетті Қазақстан құру жолында тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын мұқият ескеріп, нақты әрі тиімді шешімдер қабылдауға жауапкершілікпен қызмет етемін.

Табысы төмен азаматтарды мемлекеттік бағдарламаларға қатыстыруға ықпал етіп, аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетемін, қайырымдылық шараларын кеңінен ұйымдастыруға атсалысамын.

Қоянды ауылында жаңа әлеуметтік нысандар салуға қажетті қаражаттың қарастырылуына бастамашы боламын.

Ауылдың санитарлық тазалығын тұрақты бақылауда ұстап, көше жолдарының сапасын жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүргіземін.

Қоянды ауылы аумағындағы ғимараттардың қасбеттерін жаңарту арқылы елді мекеннің сәулеттік келбетін жақсартуға күш саламын.

Қаражат жергілікті бюджет есебінен төленді.

## Қасым Аманжолов ауылдық округі әкіміне кандидат Төлеубаев Мақсат Дүйсенханұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Төлеубаев Мақсат Дүйсенханұлы, 1986 жылғы 28 тамызда Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

1992 жылы Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданындағы №5 қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті тәмамдадым.

2003–2005 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Семей заң колледжінде білім алып, заңгер мамандығын иелендім. 2006–

2009 жылдары Қарағанды облысы бойынша Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетінде сырттай оқып, заңгер мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

2005–2017 жылдары ішкі істер органдарында әртүрлі қызметтер атқардым.

2017–2018 жылдары Ақмола облысы, Степногорск қаласындағы «Қазақалтын» тау-кен металлургиялық компаниясы» акционерлік қоғамында маман болып еңбек еттім.

2018–2022 жылдары «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде маман қызметін атқардым. 2022–2023 жылдары Қарқаралы аудандық орталық ауруханасында төтенше жағдайлар инженері болып жұмыс істедім.

2023 жылғы 29 қыркүйектен бастап «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде Терроризмге қарсы комиссияның бас инспекторының міндетін атқарушы болып тағайындалдым. 2024 жылғы 22 қаңтардан бастап осы мекемеде Терроризмге қарсы комиссияның бас инспекторы лауазымын атқарып келемін.

Отбасылымын. Екі балам бар.

Сайлауалды бағдарламасы

Ауылдағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, оның тұрақты өркендеуіне нақты қолдау көрсетемін.

Жұмыссыз жастарға шағын несиелер алуға және облыс әкімінің кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған гранттарын иеленуіне ықпал етіп, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасауға атсалысамын.

Ауылды тұрақтандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында сыртта жүрген кәсіпкерлерді туған ауылға тартуға, инвестициялық жобалар аясында жүйелі жұмыс жүргізуге күш саламын.

Халық сенімін ақтап, адал әрі ашық қызмет ету үшін бар білімім мен күш-жігерімді жұмсаймын.

Қаражат жергілікті бюджет есебінен төленді.

## Қасым Аманжолов ауылдық округі әкіміне кандидат Жұмажан Елдар Құмарұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Жұмажан Елдар Құмарұлы, 1996 жылғы 22 желтоқсанда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қасым ауылында дүниеге келдім. Білімім – жоғары (Қаржы және Менеджмент).

2003–2014 жылдар аралығында Талды ауылындағы №19 орта мектебінде білім алдым. 2014–2018 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ экономика факультетінде қаржы мамандығы бойынша оқып, білімімді толықтырдым. 2018–2020 жылдары Қарағанды қаласындағы «Қарағанды экономикалық университетінде» экономика ғылымдарының магистрі дәрежесін иелендім.

2019 жылдың қаңтар–сәуір айларында Қарқаралы ауданы, Қасым Аманжолов ауылдық округі әкімі аппаратының маманы болдым. 2019 жылдың сәуірінен 2024 жылдың наурызына дейін сол мекемеде жетекші маман қызметін атқардым. 2024 жылдың наурыз айынан қазіргі уақытқа дейін Қасым Аманжолов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын.

Сайлауалды бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында көрсетілген басымдықтарды жүзеге асыруға күш саламын.

Жергілікті қауымдастықпен бірлесе әрекет жасап, бюджеттен бөлінген қаражатты қажетті әлеуметтік салаларға тиімді әрі мақсатты жұмсауға атсалысамын.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жүргіземін. Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі кеңес, Жастар ісі жөніндегі ұйымдар сияқты қоғамдық құрылымдардың қызметін жандандырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізуге жағдай жасаймын. Сонымен қатар, ауылдағы қоғамдық бақылау тетіктерін енгізіп, ауыл тұрғындарының шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етемін. Ауыл тұрғындарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің сапалы жүзеге асуын қадағалаймын.

Жұқпалы мал ауруларының алдын алу мақсатында қолданыстағы мал қорымдарын талапқа сай қалпына келтіру, қажет болған жағдайда жаңадан салуға ықпал етемін.

Төмен пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, қосымша жұмыс орындарын құруға және округ экономикасына инвестициялық жобаларды тартуға жағдай жасаймын.

Мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған «Ауыл Аманаты» жобасын іске асыруға, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге атсалысамын.

Ауылды абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жұмыстарын жүргізуге, көшелерді жарықтандыруға, тозған электр жүйелерін жаңартуға және коммуналдық инфрақұрылымды жақсартуға күш саламын.

Ауыл тұрғындарын сапалы мобильді байланыспен және кең жолақты 4G ұялы интернет жүйесімен қамтамасыз ету үшін матчталық құрылым антенналарын орнатуға ықпал етемін.

Су құбырларын реконструкциядан өткізуге қажетті қаражатты бөлуге және жұмыстардың сапалы жүзеге асуына атсалысамын.

Балалар ойын алаңдарын жөндеуден өткізіп, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыруға жағдай жасаймын.

Ауылдық округке қарасты жолдарды жөндеуден өткізуге жүйелі жұмыс жүргіземін.

Қаражат жергілікті бюджет есебінен төленді

## Қасым Аманжолов ауылдық округі әкіміне кандидат Қапбас Еркін Қабылұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Қапбас Еркін Қабылұлы, 1992 жылы 06 сәуірде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласында дүниеге келдім.

1999-2008 жылдар аралығында Орынбек Жәутіков атындағы №1 қазақ орта мектебінде білім алдым. 2014 жылы Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша тәмамдадым.

Қызмет жолымды 2014 жылы №44 орта мектепте сантехник болып бастадым. 2015–2016 жылдары «Қарқаралы ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары» ММ «Тазалық Қарқаралы» ЖШС-де қоса атқарушы экономист болып жұмыс атқардым. 2017-2020 жылдары «Қарқаралы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де С-3 біліктілігіндегі орта деңгейлі маман қызметін атқардым. 2020-2022 жылдар аралығында «Қарқаралы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ мал шаруашылығы және механизация секторының бас маманы болдым. 2022-2024 жылдары «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласы әкімінің аппараты» ММ тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы қызметін атқардым. Қазіргі кезде «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімінің аппараты» ММ азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы болып қызмет атқарып келемін.

Отбасылымын, 2 балам бар.

Сайлауалды бағдарлама

Ауылдағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, оның тұрақты өркендеуіне нақты қолдау көрсетемін.

Жұмыссыз жастарға шағын несиелер алуға және облыс әкімінің кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған гранттарына қол жеткізуіне жәрдемдесіп, олардың нәтижелі еңбек етуіне жағдай жасауға ықпал етемін.

Ауылды тұрақтандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында сыртта жүрген кәсіпкерлерді туған ауылға тартуға, инвестициялық жобалар аясында жүйелі жұмыс жүргізуге атсалысамын.

Су құбырларын жөндеуге қаражат бөлінуіне ықпал етіп, ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз ету мәселесін толық жүзеге асыруға күш саламын.

Қасым Аманжолов ауылдық округіндегі жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарының сапалы әрі уақтылы жүргізілуін тұрақты бақылауда ұстаймын.

Халық сенімін ақтап, адал қызмет ету үшін бар білімім мен күш-жігерімді жұмсаймын.

Қаражат жергілікті бюджет есебінен төленді.

## Қарқаралы ауданы Қасым Аманжолов, Қоянды ауылдық округтері бойынша үміткерлердің сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар тізбесі

№	Үй-жайдың мекен жайы	Үй-жайдың атауы
<b>Қасым Аманжолов сайлау округі</b>		
1.	Қарқаралы ауданы, Талды ауылы	Талды ауылындағы ауылдық клубының акт залы
2.	Қарқаралы ауданы, Ақбай – Қызылбай ауылы	Ақбай-Қызылбай ауылының №24 негізгі орта мектебінің оқу кабинеті
3.	Қарқаралы ауданы, Белдеутас ауылы	Белдеутас ауылының №52 бастауыш мектебінің оқу кабинеті
4.	Қарқаралы ауданы, Аққора ауылы	Аққора ауылының №25 бастауыш мектебінің акт залы
5.	Қарқаралы ауданы, Сарыобалы ауылы	Сарыобалы ауылындағы ауылдық клубының акт залы
<b>Қоянды сайлау округі</b>		
6.	Қарқаралы ауданы, Қоянды ауылы	Қоянды ауылы №35 орта мектептің акт залы

Азамат /-ша/ ТОРБАЕВ САМАТ 28.09.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (ҚТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан ) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Біздің электрондық поштамыз:

Karkaraly\_TOO@mail.ru

## Қарқаралы

14 ақпан, 2026 жыл

# Ата заң айбарымызға айналса игі

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

«Азаматтардың едәуір бөлігі үшін Ата заң адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығын қалай бекітіп, оларды қорғаудың түсінікті әрі бірыңғай ережелерін қалыптастыратыны шешуші мәнге ие. Конституция бұл тұрғыда жеке бас бостандығы мен ұлттық мүдделер арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады», деді Ж.Шаймарданов.

Халықаралық шарттар мен ұлттық заңнаманың арақатынасы көп жылдан бері сарапшылар мен қоғам арасында талқыланып келеді. Осы орайда Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов жаңа Конституция жобасында ұсынылып отырған өзгерістердің мәнін түсіндірді. «Біз әріптестерімізбен бірге жоба нормаларын мұқият зерделедік. Маңыздысы – жаңа Конституцияда еліміздің ратификациялаған халықаралық шарттары мен халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларының заңдық күшін жоққа шығаратын ешқандай ереже жоқ», деді депутат.

Оның айтуынша, еліміз өзге мемлекеттермен қарым-қатынаста өзара сыйластық қағидатына, сондай-ақ БҰҰ аясындағы адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық шарттарға адалдығын сақтайды. Жоба мәтінінде адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтарына қатысты қабылданған халықаралық міндеттемелерден бас тартуды білдіретін нормалар қарастырылмаған.

##### АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ОРЫНДА

Конституция мәтініне халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары, жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықаралық құжаттарда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтары енеді. Осылай деген Мәжіліс депутаты Үнзилә Шапақ халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың арақатынасы үстемдік пен бағыншытылыққа емес, өзара әрекеттессе, толықтыру мен үйлестіру қағидаттарына негізделетінін айтты.

«Осылайша, 5-баптың 1-тармағы туралы қысқаша тұжырымдап айтсам, еліміз халықаралық міндеттемелерден бас тартады, көрінінше, оны қолданылатын құқықтың, яғни қоғамдық қатынастарды реттейтін маңызды құрамдас бөлігі ретінде мойындайды», деп нақтылап өтті депутат.

Конституция жобасы адамның қолданыстағы құқықтары мен бостандықтарын сақтап қана қоймай, олардың аясын кеңейтіп, нақты іске асуы мен қорғалуын күшейтеді. Бұл туралы комиссия отырысында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева айтты. «Конституция негізінде қабылданатын заңдар әрқайсымыздың және әр баланың өмірі, болашағы мен әл-ауқатына тікелей байланысты. Конституция жобасы мазмұндық тұрғыдан үш маңызды тірекке негізделеді: бостандықтар, құқықтар мен міндеттер. Олардың бірілігі – Конституцияның мәні мен тұтастығын қалыптастырады», деді ол.

Осы тұрғыда Д.Закиева бірқатар конституциялық өзгеріске назар аударып, Негізгі заңның басымдығын белгілеп берді. «Біріншіден, екінші бөлімнің атауы өзгереді. Қазіргі «Адам және азамат» атауының орнына «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» деген атау ұсынылады. Бұл өзгеріс адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ міндеттерінің басым маңызыға ие екенін айқын көрсетеді», деді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл.

Тағы бір маңыздысы – Конституция жобасында адамның барлық жеке құқықтарының қолсұғылмаушылығы тікелей бекітілген. «Жаңа редакцияда құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтарын бұзбау мен бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылымның негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс екені нақты айқындалады», деді ол.

Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, жаңа Конституция жобасының алғашқы баптарынан-ақ

оның тұжырымдамалық сипаты айқын көрінеді. Бұл – әділдікке, тәртіп пен тұрақтылыққа негізделген қоғам сұранысына мемлекеттің нақты жауабы. «Конституцияның 2-бабының 1-тармағында еліміздің президенттік республика болып қала беретіні және Мемлекет басшысының билік тармақтарының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететіні нақты көрсетілген. Ал 43-баптың 1-тармағында Президент бір рет жеті жыл мерзімге сайланатыны бекітілген. Бұл – биліктің монополиялануына жол бермейтін нақты норма. Осы баптың 5-тармағында аталған ереже өзгертілмейтіні жазылған. Осылайша, «мәңгі билік» туралы кез келген алыпқашпа өңімеге тосқауыл қойылады», деп атап өтті депутат.

##### ЖАЛҒАН ЖОРАМАЛДАРДЫ СЫҢҒА АЛДЫ

Саясаттанушы Марат Шибұтов жобадағы Президент пен Құрылтай арасындағы кадрлық өкілеттіктердің бөлінісі жөнінде пікір білдірді. «Кейбір азаматтар комиссияның жұмысы туралы осы отырыстарға қатысып жүрген менен де көбірек «білетіндеі» көрінеді», деді саясаттанушы. Оның айтуынша, кез келген адам оқып, танысуы үшін құжат көпшіліктің назарына ұсынылып, ашық түрде жарияланғаннан кейін де ақпаратты әдейі бұрмалау тоқтамаған. «Менің ойымша, бұл енді ойын емес, танымал болуға ұмтылыс та емес, нағыз қасақана пиғыл», деп атап өтті М.Шибұтов.

Спикердің айтуынша, жаңа Конституция жобасына сәйкес, Құрылтай мынадай тұлғаларды тағайындауға немесе келісімін беруге құқылы: Премьер-министр, Вице-президент, Конституциялық соттың 10 судьясы, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесі, Жоғарғы аудиторлық палатаның 8 мүшесі мен Жоғарғы соттың барлық судьялары.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевтың айтуынша, жаңа Конституция жобасы – барлық келіп түскен пікірлер мен ұсыныстарды ескере отырып, ашық түрде дайындалған сапалы әрі сараланған құжат. Ол жоба ашық жарияланғанға дейін ұзақ әрі қажырлы жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

Қазір ел қоғамы жауапты кезеңге аяқ басып жатқанын айта келе: «Ең бастысы – бұл кезеңде орынсыз қызбалыққа ұрынбау, жалған әрі бұрмаланған ақпарат таратпау керек. Дәлелді диалогті жалғастырып, тарихи үдерістегі өз жауапкершілігімізді сезінуіміз қажет», деді.

##### ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – ӨЗГЕРМЕЙТІН ҰҒЫМДАР

Комиссия отырысында Мәжіліс депутаты Азат Перуашев билік тармақтары арасындағы өкілеттіктер теңгерімі туралы пікір білдірді. «Біз Президент пен Құрылтай өкілеттіктерін нақты ажырату тәсілдерін талқылап, ортақ ұстаным қалыптастырдық. Осы тұрғыдан алғанда, дайындалған жаңа Конституция жобасында бұл өкілеттіктер жеткілікті дәрежеде теңгерімді бөлінген деп есептеймін», деді А.Перуашев.

Оның сөзінше, Президент республикадағы ең жоғары лауазымды тұлға ретінде биліктің барлық тармағы – заң шығарушы (Құрылтай), атқарушы (Үкімет) және сот билігінің үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. «Сондықтан Президент пен Құрылтай арасындағы өзара қатынасты «саяси монополияны сақтау немесе күшейту» деп бағалау – конституциялық реформаның мәнін бұрмалау», деді депутат.

Отырыс соңында Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова жаңа Конституция жобасының маңыздылығына әрі оның ел дамуындағы стратегиялық рөліне тоқталды. Сондай-ақ Ата заңда мемлекеттік саясатқа, қоғамның дамуына қатысты негізгі қағидаттармен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдіктер де бекітілетінін атап өтті. Конституция нормаларын неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу, әдетте, заңдар деңгейінде жүзеге асырылатынын айтты. Бұл – Ата заңды әзірлеудегі жалпыға ортақ тәжірибе.

Ашық дереккөздер негізінде әзірлеген
**Ерзат ЕРМАҒАМБЕТ**

## Ресми

##### Хабарландыру

«COPPER GROUP LTD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Қарағанды облысы, Қар-қаралы ауданындағы (Бұзау кен орны) М-43-81-(106-56-3, 4, 8, 9) блоктарында алтын құрамды кен-дерді анықтау мақсатында жүргізілетін барлау жұ-мыстарының жоспары» бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылатын материалдар (ҚОӘБ, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

2. Әсер ету аймағы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Жұмыс учаскесінің жалпы ауданы – 8,86 км².

Координаттары:

49°58′00″ с.е., 76°17′00″ ш.б.;

50°00′00″ с.е., 76°17′00″ ш.б.;

50°00′00″ с.е., 76°19′00″ ш.б.;

4. 49°58′00″ с.е., 76°19′00″ ш.б..

3. Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны мөн уақыты: Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 27 наурыз күні сағат 15:00-де өтеді. Өтетін мекенжай: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ау-даны, Шарықты ауылдық округі, Теректі ауылы, Абай көшесі, 26-үй, №30 мектептің акт залында

4. Жоспарланып отырған қызметтің баста-машысы: «COPPER GROUP LTD» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 91-үй. БСН: 240740009245. Электрондық пошта: tanakulov@mail.ru

